

**«ҚазТрансОйл» АҚ Акционерлерінің кезектен тыс
жалпы жиналысының №2/2023
ХАТТАМАСЫ**

Астана қ.

2023 жылғы 14 тамыз

Толық атауы: «ҚазТрансОйл» акционерлік қоғамы.

Атқарушы органның орналасқан жері: Қазақстан Республикасы, 010000, Астана қаласы, Нұра ауданы, Тұран даңғылы, 20-ғимарат, 12-тұрғын емес үй-жай.

Акционерлердің жалпы жиналысы өткен орын: Қазақстан Республикасы, 010000, Астана қаласы, Нұра ауданы, Тұран даңғылы, 20-ғимарат, 12-тұрғын емес үй-жай, 200-кабинет.

Акционерлерді тіркеуді бастау - 10 сағат 00 минут.

Акционерлерді тіркеуді аяқтау - 13 сағат 00 минут.

Акционерлер жалпы жиналысының басталуы - 15 сағат 00 минут.

Акционерлер жалпы жиналысының аяқталуы - 15 сағат 55 минут.

«ҚазТрансОйл» АҚ (бұдан әрі – Қоғам) Акционерлерінің кезектен тыс жалпы жиналысы Қоғамның Директорлар кеңесінің шешімімен (2023 жылғы 30 маусымдағы №9/2023 отырыс хаттамасы) келесі күн тәртібімен шақырылды:

1. «ҚазТрансОйл» АҚ Директорлар кеңесінің мүшелері Агостини Винишиус Алвестің және Мартинес Лопес Альбертоның өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату туралы.

2. «ҚазТрансОйл» АҚ Директорлар кеңесінің мүшелерін, оның ішінде оның төрағасын сайлау туралы.

3. «ҚазТрансОйл» АҚ Директорлар кеңесінің сайланатын мүшелеріне өз міндеттерін атқарғаны үшін сыйақылар төлеу және шығыстарын өтеу мөлшері мен шарттарын айқындау туралы.

4. «ҚазТрансОйл» акционерлік қоғамының Жарғысына толықтыру енгізу туралы.

Қоғам Акционерлерінің кезектен тыс жалпы жиналысын (бұдан әрі – Жиналыс) өткізу туралы ақпарат 2023 жылғы 4 шілдеде қаржылық есептілік депозитарийінің, «Қазақстан қор биржасы» АҚ және Қоғамның интернет-ресурстарында қазақ және орыс тілдерінде жарияланды.

Қоғам Жарғысының 9-бабы 39-тармағына сәйкес Қоғамның корпоративтік хатшысы А.М. Шманов Жиналыстың хатшысы болып табылады.

«Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – Заң) 46-бабында қарастырылған функцияларды жүзеге асыратын есеп комиссиясы Қоғам Акционерлерінің кезектен тыс жалпы жиналысының

2022 жылғы 25 қаңтардағы шешімімен (№1/2022 хаттама) және Қоғам Акционерлерінің жылдық жалпы жиналысының 2023 жылғы 24 мамырдағы шешімімен (№1/2023 хаттама) сайланған.

Қоғамның бас директорының (Басқарма төрағасының) міндеттерін атқарушы Т.Қ. Әбдіров Қоғамның есеп комиссиясының төрағасы А. Дастанға сөз берді.

А. Дастан «Бағалы қағаздар орталық депозитарийі» АҚ ұсынған Қоғам акционерлерінің тізіміне сәйкес 2023 жылғы 19 шілдедегі жағдай бойынша Қоғамның дауыс беретін акцияларының жалпы саны 384 384 773 (үш жүз сексен төрт миллион үш жүз сексен төрт мың жеті жүз жетпіс үш) дананы құрайтынын хабарлады.

Есеп комиссиясы ұсынған деректер бойынша акционерлерді тіркеу аяқталған кезде Жиналысқа қатысу үшін жиынтығында Қоғамның дауыс беретін акциялары жалпы санының 90,06%-ін құрайтын 346 173 238 (үш жүз қырық алты миллион жүз жетпіс үш мың екі жүз отыз сегіз) дауыс беретін акцияларды иеленетін 2 акционер (акционерлердің өкілдері) тіркелді.

Заңның 45-бабы 1-тармағы және Қоғам Жарғысының 9-бабы 31-тармағы негізінде егер жиналысқа қатысушыларды тіркеу аяқталған кезде (Акционерлердің жалпы жиналысын сырттай дауыс беру арқылы өткізу кезінде барлық бюллетеньді ұсыну күні не бюллетеньдерді ұсыну мерзімі аяқталған күні) оған қатысуға және онда дауыс беруге құқығы бар, Қоғамның дауыс беретін акцияларының жинақтап алғанда 50 (елу) және одан да көп процентін иеленген акционерлердің тізіміне енгізілген акционерлер (акционерлердің өкілдері) тіркелсе, Акционерлердің жалпы жиналысы күн тәртібіндегі мәселелерді қарауға және олар бойынша шешім қабылдауға құқылы.

Жиналысты өткізу және күн тәртібіндегі мәселелер бойынша дауыс беру үшін кворум бар.

Қатысып отырған барлық акционерлер (акционерлердің өкілдері) тіркелді және олардың өкілеттіктері тиісті түрде тексерілді. Жиналысқа қатысып отырған акционерлерге (акционерлердің өкілдеріне) тіркеу кезінде күн тәртібіндегі мәселелер бойынша материалдар, дауыс беру үшін бюллетеньдер берілді және Жиналыста акционерлердің құқықтарын іске асыру мәселелері мен дауыс беру тәртібі түсіндірілді.

Т.Қ. Әбдіров акционерлерге (акционерлердің өкілдеріне) Жиналыстың күн тәртібін өзгерту және толықтыру бойынша ұсыныстардың жоқ екендігін хабарлады.

Т.Қ. Әбдіров Жиналысты өткізу үшін дауыс берудің ашық нысанын белгілеуге ұсыныс жасады.

Ұсыныс «бір акционер – бір дауыс» қағидаты бойынша дауыс беруге қойылды.

Дауыс берді:

«Қолдады» – 2 акционер

«Қарсы» – дауыс жоқ

«Қалыс қалды» – дауыс жоқ

Шешім «бір акционер – бір дауыс» қағидаты бойынша жай көпшілік дауыспен қабылданды:

Жиналыстың күн тәртібі мәселелері бойынша дауыс берудің ашық нысаны белгіленсін.

Т.Қ. Әбдіров Жиналыстың төрағасы ретінде Булат Қалауияұлы Закировты сайлауды ұсынды.

Осы мәселе дауыс беруге қойылды.

Дауыс берді:

«Қолдады» – 346 173 238 дауыс

«Қарсы» – дауыс жоқ

«Қалыс қалды» – дауыс жоқ

Шешім дауыс беруге қатысқан Қоғамның дауыс беретін акцияларының жалпы санының жай көпшілік дауысымен қабылданды:

Жиналыстың төрағасы болып Булат Қалауияұлы Закиров сайлансын.

Бұдан әрі Б.Қ. Закиров Жиналыс жүргізу регламентін жариялап, келесі күн тәртібін дауыс беруге шығарды:

1. «ҚазТрансОйл» АҚ Директорлар кеңесінің мүшелері Агостини Винишиус Алвестің және Мартинес Лопес Альбертоның өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату туралы.

2. «ҚазТрансОйл» АҚ Директорлар кеңесінің мүшелерін, оның ішінде оның төрағасын сайлау туралы.

3. «ҚазТрансОйл» АҚ Директорлар кеңесінің сайланатын мүшелеріне өз міндеттерін атқарғаны үшін сыйақылар төлеу және шығыстарын өтеу мөлшері мен шарттарын айқындау туралы.

4. «ҚазТрансОйл» акционерлік қоғамының Жарғысына толықтыру енгізу туралы.

Дауыс берді:

«Қолдады» – 346 173 238 дауыс

«Қарсы» – дауыс жоқ

«Қалыс қалды» – дауыс жоқ

Шешім дауыс беруге қатысқан Қоғамның дауыс беретін акцияларының жалпы санының жай көпшілік дауысымен қабылданды:

Жиналыстың келесі күн тәртібі бекітілсін:

1. «ҚазТрансОйл» АҚ Директорлар кеңесінің мүшелері Агостини Винишиус Алвестің және Мартинес Лопес Альбертоның өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату туралы.

2. «ҚазТрансОйл» АҚ Директорлар кеңесінің мүшелерін, оның ішінде оның төрағасын сайлау туралы.

3. «ҚазТрансОйл» АҚ Директорлар кеңесінің сайланатын мүшелеріне өз міндеттерін атқарғаны үшін сыйақылар төлеу және шығыстарын өтеу мөлшері мен шарттарын айқындау туралы.

4. «ҚазТрансОйл» акционерлік қоғамының Жарғысына толықтыру енгізу туралы.

Күн тәртібінің **бірінші мәселесі бойынша** Б.Қ. Закиров Қоғамның корпоративтік хатшысы А.М. Шмановқа сөз берді.

А.М. Шманов Қоғам Акционерлері жалпы жиналысының 2021 жылғы 25 қарашадағы шешімімен (№3/2021 хаттама) Қоғамның Директорлар кеңесінің құрамы 3 жыл өкілеттік мерзімімен 6 адам санында айқындалғанын, сондай-ақ Қоғамның Директорлар кеңесінің мүшелері, оның ішінде Директорлар кеңесінің төрағасы сайланғанын хабарлады.

Қазіргі уақытта Қоғамның Директорлар кеңесінің 6 мүшесінің тек 3 тәуелсіз директоры өз өкілеттіктерін жүзеге асырады – Агостини Винишиус Алвес, Мартинес Лопес Альберто, Фрейсине Адриан және Қоғамның бас директоры (Басқарма төрағасы) Т.Н. Құрманбаев. Қоғамның Директорлар кеңесінің мүшелері, «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ өкілдері М.К. Орманов пен М.А. Оразбековтің өкілеттіктері олардың бастамасы бойынша (сәйкесінше 2023 жылғы 17 шілдеден бастап және 2023 жылғы 15 шілдеден бастап) «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 55-бабы 4-тармағына сәйкес Директорлар кеңесіне берген жазбаша хабарламалары негізінде тоқтатылды.

Қоғамның ірі акционері болып табылатын «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ (бұдан әрі – ҚМГ) шешімдері қатысу тәртібімен дауыс беру арқылы қабылданатын Қоғам Акционерлерінің кезектен тыс жалпы жиналысын шақыру және Жиналыстың күн тәртібіне Қоғамның Директорлар кеңесінің мүшелері Агостини Винишиус Алвес пен Мартинес Лопес Альбертоның өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату туралы мәселені енгізу жөнінде талап жіберді.

«Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 36-бабы 1-тармағының 5) тармақшасына және Қоғам Жарғысының 10-бабы 1-тармағының 10) тармақшасына сәйкес Директорлар кеңесі мүшелерінің өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату туралы мәселе Қоғам Акционерлері жалпы жиналысының айрықша құзыретіне жатады.

Б.Қ. Закиров «ҚазТрансОйл» АҚ Директорлар кеңесінің мүшелері Агостини Винишиус Алвестің және Мартинес Лопес Альбертоның өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату туралы мәселені дауысқа салды.

Дауыс берді:

«Қолдады» – 346 173 238 дауыс

«Қарсы» – дауыс жоқ

«Қалыс қалды» – дауыс жоқ

Шешім дауыс беруге қатысқан Қоғамның дауыс беретін акцияларының жалпы санының жай көпшілік дауысымен қабылданды:

«ҚазТрансОйл» АҚ Директорлар кеңесінің мүшелері Агостини Винишиус Алвестің және Мартинес Лопес Альбертоның өкілеттіктері мерзімінен бұрын тоқтатылсын.

Күн тәртібінің екінші мәселесі бойынша Б.Қ. Закиров Қоғамның корпоративтік хатшысы А.М. Шмановқа сөз берді.

А.М. Шманов Қоғам Жарғысының 10-бабы 1-тармағының 10) тармақшасына сәйкес Қоғамның Директорлар кеңесінің мүшелерін, оның ішінде оның төрағасын сайлау (қайта сайлау) Қоғам Акционерлері жалпы жиналысының айрықша құзыретіне жататынын айтты.

Қоғамның ірі акционері болып табылатын ҚМГ 2023 жылғы 5 шілдедегі №23/5550 хатымен Қоғамның Директорлар кеңесінің құрамына сайлау үшін мына кандидатураларды ұсынды: ҚМГ өкілдері – Булат Қалауияұлы Закиров және Ардақ Махмудұлы Қасымбек, тәуелсіз директорлар – Қазбек Қайнарұлы Құсайынов және Тимоти Глен Миллер. Сондай-ақ, ҚМГ Б.Қ. Закировті Қоғамның Директорлар кеңесінің төрағасы етіп сайлауды ұсынды.

Қоғамның Директорлар кеңесінің Тағайындаулар мен сыйақылар жөніндегі комитеті Қоғамның Директорлар кеңесіне мүшелікке келесі кандидаттардың тізімін қалыптастыру ұсынымын әзірледі (2023 жылғы 14 шілдедегі №4/2023-КНВ сырттай отырыс шешімі):

Закиров Булат Қалауияұлы – ҚМГ өкілі;
Қасымбек Ардақ Махмудұлы – ҚМГ өкілі;
Құсайынов Қазбек Қайнарбекұлы – тәуелсіз директор;
Миллер Тимоти Глен – тәуелсіз директор.

Қоғамның Директорлар кеңесі жоғарыда көрсетілген Қоғамның Директорлар кеңесінің Тағайындаулар мен сыйақылар жөніндегі комитетінің ұсынымын мақұлдады және Қоғамның Директорлар кеңесіне мүшелікке кандидаттардың тізімін қалыптастырды (2023 жылғы 14 шілдедегі №10/2023 отырыс хаттамасы).

«Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 54-бабы 3-тармағына сәйкес директорлар кеңесінде бір орынға бір кандидат сайлауға түсетін жағдайды қоспағанда, акционерлер директорлар кеңесінің мүшелерін сайлауды дауыс беруге арналған бюллетеньдерді пайдалана отырып, кумулятивтік дауыс беру арқылы жүзеге асырады.

Қоғамның Директорлар кеңесінде сайлауға бір орынға бір кандидат түсетінін назарға ала отырып, дауыс беру «бір акция – бір дауыс» қағидаты бойынша жүзеге асырылады.

Б.Қ. Закиров «ҚазТрансОйл» АҚ Директорлар кеңесінің мүшелерін, оның ішінде төрағасын сайлау туралы мәселені дауыс беруге қойды.

Дауыс берді:

«Қолдады» – 346 173 238 дауыс

«Қарсы» – дауыс жоқ

«Қалыс қалды» – дауыс жоқ

Шешім дауыс беруге қатысқан Қоғамның дауыс беретін акцияларының жалпы санының жай көпшілік дауысымен қабылданды:

1. «ҚазТрансОйл» АҚ Директорлар кеңесі үшін жалпы белгіленген мерзімге «ҚазТрансОйл» АҚ Директорлар кеңесінің мүшелері болып сайлансын:

- 1) Закиров Булат Қалауияұлы – «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ өкілі;
- 2) Қасымбек Ардақ Махмұдұлы – «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ өкілі;
- 3) Құсайынов Қазбек Қайнарбекұлы – тәуелсіз директор;
- 4) Миллер Тимоти Глен – тәуелсіз директор.

2. «ҚазТрансОйл» АҚ Директорлар кеңесінің төрағасы болып Булат Қалауияұлы Закиров сайлансын.

Күн тәртібінің үшінші мәселесі бойынша Б.Қ. Закиров Қоғамның корпоративтік хатшысы А.М. Шмановқа сөз берді.

А.М. Шманов акционерлерді «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 36-бабы 1-тармағының 5) тармақшасына және Қоғам Жарғысының 10-бабы 1-тармағының 10) тармақшасына сәйкес Директорлар кеңесінің мүшелеріне өз міндеттерін орындағаны үшін сыйақылар төлеу және шығыстарын өтеу мөлшері мен шарттарын айқындау Қоғам Акционерлері жалпы жиналысының айрықша құзыретіне жататыны туралы хабардар етті.

Қоғам Жарғысының 11-бабы 3-тармағының 30) тармақшасына сәйкес Қоғамның Директорлар кеңесінің мүшелеріне өз міндеттерін орындағаны үшін сыйақылар төлеу және шығыстарын өтеу мөлшері мен шарттары бойынша Қоғам Акционерлерінің жалпы жиналысына ұсынымдарды дайындау Қоғамның Директорлар кеңесінің айрықша құзыретіне жатады.

Ірі акционердің ұсынысын ескере отырып, Қоғамның Директорлар кеңесінің шешімімен (2023 жылғы 14 шілдедегі №10/2023 отырыс хаттамасы) Қоғам Акционерлерінің жалпы жиналысына төмендегідей айқындау ұсынылды:

1) «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ жұмыскерлері болып табылмайтын «ҚазТрансОйл» АҚ Директорлар кеңесінің мүшелеріне сыйақылардың мынадай мөлшері:

тіркелген жылдық сыйақы:

А.М. Қасымбекке, «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ өкіліне – Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес салықтар мен басқа да міндетті төлемдер ұсталғаннан кейін 18 000 000 (он сегіз миллион) теңге;

Қ.Қ. Құсайыновқа, тәуелсіз директорға – Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес салықтар мен басқа да міндетті төлемдер ұсталғаннан кейін 80 000 (сексен мың) АҚШ долларына балама мөлшерде теңгемен;

Т.Г. Миллерге, тәуелсіз директорға – Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес салықтар мен басқа да міндетті аударымдар ұсталғаннан кейін 80 000 (сексен мың) АҚШ доллары;

«ҚазТрансОйл» АҚ Директорлар кеңесі комитеттерінің әрбір бас қосқан отырысына қатысқаны үшін қосымша сыйақы:

А.М. Қасымбекке, «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ өкіліне – Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес салықтар мен басқа да міндетті төлемдер ұсталғаннан кейін 450 000 (төрт жүз елу мың) теңге;

Қ.Қ. Құсайыновқа, тәуелсіз директорға – Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес салықтар мен басқа да міндетті төлемдер ұсталғаннан кейін 1 000 (бір мың) АҚШ долларына балама мөлшерде теңгемен;

Т.Г. Миллерге, тәуелсіз директорға – Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес салықтар мен басқа да міндетті аударымдар ұсталғаннан кейін 1 000 (бір мың) АҚШ доллары;

2) Қоғамның Директорлар кеңесінің жоғарыда аталған мүшелеріне сыйақы төлеу және шығыстарын өтеу шарттары – олармен жасалатын шарттарға сәйкес.

Б.Қ. Закиров «ҚазТрансОйл» АҚ Директорлар кеңесінің сайланатын мүшелеріне өз міндеттерін атқарғаны үшін сыйақылар төлеу және шығыстарын өтеу мөлшері мен шарттарын айқындау туралы мәселені дауысқа салды.

Дауыс берді:

«Қолдады» – 346 173 238 дауыс

«Қарсы» – дауыс жоқ

«Қалыс қалды» – дауыс жоқ

Шешім дауыс беруге қатысқан Қоғамның дауыс беретін акцияларының жалпы санының жай көпшілік дауысымен қабылданды:

1. Айқындалсын:

1) «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ жұмыскерлері болып табылмайтын «ҚазТрансОйл» АҚ Директорлар кеңесінің мүшелеріне сыйақылардың мынадай мөлшері:

тіркелген жылдық сыйақы:

А.М. Қасымбекке, «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ өкіліне – Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес салықтар мен басқа да міндетті төлемдер ұсталғаннан кейін 18 000 000 (он сегіз миллион) теңге;

Қ.Қ. Құсайыновқа, тәуелсіз директорға – Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес салықтар мен басқа да міндетті төлемдер ұсталғаннан кейін 80 000 (сексен мың) АҚШ долларына баламалы мөлшерде теңгемен;

Т.Г. Миллерге, тәуелсіз директорға – Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес салықтар мен басқа да міндетті аударымдар ұсталғаннан кейін 80 000 (сексен мың) АҚШ доллары;

«ҚазТрансОйл» АҚ Директорлар кеңесі комитеттерінің әрбір бас қосқан отырысына қатысқаны үшін қосымша сыйақы:

А.М. Қасымбекке, «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ өкіліне – Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес салықтар мен басқа да міндетті төлемдер ұсталғаннан кейін 450 000 (төрт жүз елу мың) теңге;

Қ.Қ. Құсайыновқа, тәуелсіз директорға – Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес салықтар мен басқа да міндетті төлемдер ұсталғаннан кейін 1 000 (бір мың) АҚШ долларына баламалы мөлшерде теңгемен;

Т.Г. Миллерге, тәуелсіз директорға – Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес салықтар мен басқа да міндетті аударымдар ұсталғаннан кейін 1 000 (бір мың) АҚШ доллары;

2) осы тармақтың 1) тармақшасында көрсетілген «ҚазТрансОйл» АҚ Директорлар кеңесінің мүшелеріне сыйақылар төлеу мен шығыстарын өтеу шарттары - олармен жасалатын шарттарға сәйкес.

2. «ҚазТрансОйл» АҚ Директорлар кеңесінің төрағасы Б.Қ. Закиров осы шешімнің 1-тармағының 1) тармақшасында көрсетілген «ҚазТрансОйл» АҚ Директорлар кеңесінің мүшелерімен тиісті шарттарға қол қойсын.

Күн тәртібінің төртінші мәселесі бойынша Б.Қ. Закиров Қоғамның заң мәселелері жөніндегі басқарушы директоры Ж.Ә. Исақовқа сөз берді.

Ж.Ә. Исақов Қазақстан Республикасының Бәсекелестікті қорғау және дамыту агенттігі Қоғамның 2023 жылғы 1 наурыздағы өтінішхатына Қоғамның артық меншікті технологиялық мұнайды сату жөніндегі қызмет түрін жүзеге асыруына келісім бергенін атап өтті.

Қоғам қызметінің мәнін кеңейту қазіргі уақытта Қоғамның резервуар парктеріндегі пайдалы сыйымдылықты шектейтін, мұнай өндіруші компанияларға мұнай тасымалдау қызметтерін көрсетудің өндірістік процесіне теріс әсер ететін жиналып қалған артық технологиялық мұнайды уақытылы сату қажеттілігіне байланысты. Осыған байланысты Қоғамның Жарғысына тиісті толықтыру енгізіледі.

«Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасы Заңына және Қоғамның Жарғысына сәйкес Қоғамның Жарғысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу Қоғам Акционерлерінің жалпы жиналысының айрықша құзыретіне жатқызылады. Осыған байланысты Жиналыстың қарауына Қоғамның Жарғысына толықтыру енгізу туралы мәселе шығарылады.

Б.Қ. Закиров «ҚазТрансОйл» акционерлік қоғамының Жарғысына толықтыру енгізу туралы мәселені дауысқа салды.

Дауыс берді:

«Қолдады» – 1 198 дауыс

«Қарсы» – дауыс жоқ

«Қалыс қалды» – 346 172 040 дауыс

Бұл мәселе бойынша шешім қабылданбады, өйткені «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 36-бабының 2-тармағына сәйкес шешім қабылдау үшін Жиналыста ұсынылған Қоғамның дауыс беретін акцияларының жалпы санының жай көпшілік дауысы талап етіледі.

Жиналыстың күн тәртібіндегі мәселелерді қарау аяқталғаннан кейін Жиналыс төрағасы Б.Қ. Закиров (ҚМГ өкілі) Жиналысқа қатысқандарға алғысын білдірді.

Жиналыс төрағасы

Б. Закиров

Жиналыс хатшысы

А. Шиманов

**Есеп комиссиясының
төрағасы**

А. Дастан

Есеп комиссиясының мүшелері:

М. Медеубаев

Д. Нүсіпжанова

Р. Махамбетова

М. Омралинова

А. Оразалы



(Курмайсова Г.К.)